Жеңіс шұғыласы

№ 16 (9005), жұма, 3 мамыр 2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ТӘЖІКСТАН ҮКІМЕТІНІҢ БАСШЫСЫМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов Душанбеге ресми сапармен барды. Күн тәртібінде сауда және инвестициялар, өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, ауыл шаруашылығы және көлік байланысы, сондай-ақ су-энергетикалық ынтымақтастық саласындағы қазақ-тәжік өзара іс-қимылы мәселелері тұр.

Олжас Бектеновті Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон қабылдады. Қазақстан – Тәжікстанның төртінші ірі сауда серіктесі. Бүгінгі таңда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон арасындағы қарқынды саяси диалог пен қол жеткізілген уағдаластықтардың арқасында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық тұрақты дамып келеді. Қолда бар зор әлеуетті ескере отырып, үкіметтер алдына тауар айналымын 2 есеге – $2 млрд-қа дейін арттыру міндеті қойылды.

Үкіметаралық келіссөздер кеңейтілген құрамда өтті және ынтымақтастықты нығайту әрі сауда ағындарын әртараптандыру шараларына арналды. Сондай-ақ Қазақстанның шамамен құны $190 млн болатын 85 тауар позициясы бойынша экспортты арттыруға дайындығы атап өтілді.

Үкіметтік делегациялар өнеркәсіп кооперациясын дамытудың маңыздылығына тоқталып, экспортқа бағдарланған жаңа бірлескен өндірістер құрудың өзектілігін атап өтті.

Қазақстанның мол тәжірибесін ескере отырып, Тәжікстан аумағында кен орындарын бірлесіп игеру және жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстанда тәжік темір жолдары үшін темір жол техникасын шығаратын ірі өндірістік әлеует бар. Ақтөбе зауыты рельс арқалық өнімдерін жеткізуде ынтымақтастық орнатуға дайын. Сондай-ақ Қазақстанда шығарылатын локомотивтердің, тепловоздардың, бағыттамалық бұрмалардың, трансформаторлардың, ауыл шаруашылығы техникаларының, аккумуляторлардың, автокөлік құралдарының экспорт көлемін арттыру мүмкіндігі зор.

Екіжақты күн тәртібіндегі маңызды мәселе – жыл сайын нығайып келе жатқан әрі өзара түсіністіктің жоғары деңгейімен сипатталатын су саласындағы ынтымақтастық. Екі ел қабылдап жатқан бірлескен іс-шаралар вегетациялық кезеңде «Бахри Точик» су қоймасының қажетті жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұнда төрағалық ету жыл басынан бері Тәжікстаннан Қазақстанға ауысқан Халықаралық Аралды құтқару қорын ұйымдастыру жұмыстары сөз болды.

Ауыл шаруашылығы саласында өткен жылғы сауда көлемінің төмендеуінен кейін оң өсім серпіні байқалады. Осы жылдың екі айында АӨК өнімінің тауар айналымы 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,9%-ға артып, $84,9 млн-ды құрады. Бұған қоса Тәжікстанға ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты құрылымын әртараптандыру байқалады. Саладағы қазіргі міндеттердің қатарында ұн жеткізу көлемін арттыру мәселесі бар. Ұн тарту өндірісі, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және басқа да бағыттарда бірлескен жобалар құрудың келешегі зор.

Ынтымақтастықтың жаңа бағыттары қатарында цифрландыру саласы бар. Жоғары деңгейдегі уағдаластықтарды жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Тәжікстанға Smart Bridge, ИРБП (интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы), Smart Data Ukimet секілді «eGOV» электрондық үкіметінің меншікті ұлттық жүйелерін өрістетуге көмек көрсету бойынша жұмыстарын бастады. IT саласындағы нәтижелі ынтымақтастық екі ел экономикасын дамытуға және азаматтарының тұрмыс сапасын жақсартуға жол ашады.

Сонымен қатар тараптар мәденигуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Биыл Тәжікстандағы Қазақстанның мәдениет күндерін өткізу маңызды оқиға болмақ. Олжас Бектенов алдағы уақытта Душанбеде қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев ескерткішінің ашылуының маңыздылығын атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша үкіметтер басшылары барлық бағыт бойынша екіжақты стратегиялық әріптестіктің жоғары серпінін сақтауға дайын екендіктерін растады.

primeminister.kz

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР! ҚҰРМЕТТІ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР!

Сіздерді еліміздің айбынды мерекесі – Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін, Отанымыздың тыныштығын қорғап жүрген еліміздің ер азаматтарын ұлықтайтын, құрметтейтін күн. Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Тәуелсіз елімізге қалтқысыз қызмет ету және оны қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Кез келген мемлекет үшін елдің қауіпсіздігі мен тыныштығы басты орында. Сондықтан да тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ел қауіпсіздігін сақтауға баса назар аударылып, мемлекетіміздің шекарасы белгіленіп, әскеріміз жасақталды.

Елімізде Отан қорғаушылар мерекесі Ұлы Жеңіс күні қарсаңында атап өтілетіні бекер емес. Себебі, бұл күн – ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісі болған, отты жолдарымен өткен ержүрек жауынгерлер алдында тағзым ететін күн. Кешегі жаһан соғысында Отан үшін отқа түскен қаһармандардың биік тұлғаларын ардақ тұтып, есімдерін естен шығармау – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген өшпес өсиет қалдырды. Осындай өсиет әрбір Отан қорғаушының жүрегінен орын алып, мәңгілік ұранына айналуы тиіс.

Қадірменді ардагерлер, сарбаздар!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амандық тілеймін!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры нық, ғұмыры мәңгі болсын!

Елдос АХМЕТОВ,
Ескелді ауданының әкімі

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ҚҰТ МЕКЕН

Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ ауылында 1 Мамыр - Қазақстан Халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шара өтті. Аудан әкімі Е.Ахметов аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, бірқатар азаматтарды алғыс хатпен марапаттады. Әртүрлі спорт түрлерінен шағын спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Шығармашылық ұжымдардың көркемелері мен қолөнершілердің бұйымдары жинақталған көрмені шараға келген тұрғындар тамашалады. Мерекелік концерттік бағдарламалар көрсетілді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ ОБЛЫСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫ ҮШ АПТА ҚАТАРЫНАН ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа баға индексі өткен аптада -0,1%-ды құрады. Айдың басынан бастап барлығы: -0,3%. Вице-премьер Серік Жұманғаринның төрағалығымен сенбі күні, 27 сәуірде өткен кеңесте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы мәселелері талқыланды.

«Азық-түлік бағасының төмендеуі 10 өңірде тіркелді, оның ішінде Ақмола және Жамбыл облыстары үш апта қатарынан осындай нәтиже көрсетіп келеді. Жеті облыста өсім болған жоқ, үшеуінде 0,1%-ға өсім тіркелді», — деп хабарлады сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова.

Жұмыртқа (1,8%), қарақұмық (1,3%), ұн (0,7%), күріш (0,6%), күнбағыс майы (0,4%), тұз (0,3%), сүзбе және пияз (0,1%) бағаларының төмендеуі жалғасуда. Сонымен қатар қырыққабат пен сәбіз бағасының маусымаралық қымбаттауымен қатар, бір аптада сары май бағасының өсуі (0,5%) тіркелді. Алайда мамыр айында сүт өндірісінің ұлғаюы тек майдың ғана емес, басқа да сүт өнімдерінің бағасының тұрақтануына оң әсер етуі тиіс.

Бұған қоса, кеңесте су тасқынынан зардап шеккен өңірлердегі тұрақтандыру қоймаларының қорлары мониторингінің нәтижелері тыңдалды. Әкімдіктердің деректеріне сәйкес, қазіргі уақытта ӘКК-де жалпы көлемі 284,9 мың тонна ӘМАТ негізгі түрлерінің қоры бар. Барлық облыста жұмыс топтары құрылды, көкөніс қорларына ревизия жүргізілді. Су басқан өңірлерге азық-түлік жеткізуде кідірістер байқалмайды.

Кеңес қорытындысы бойынша Серік Жұманғарин барлық өңірде маусымаралық кезеңнің шарықтау тұсында бұрынғы қорларды босатып, пайдалану және жаңа өнімдерді қабылдауға уақытылы келісімшарт жасау жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті.

primeminister.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Қазгидрогеология» ұлттық гидрогеологиялық қызметі құрылды. Үкіметтің тиісті қаулысына ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов қол қойды.

Жаңа қызмет жер асты суларының кен орындары мен учаскелеріне, сондай-ақ су жинағыш гидрогеологиялық ұңғымаларына толық түгендеу жүргізеді деп жоспарлануда. Соның нәтижесінде пайдалану қорлары мемлекеттік балансқа енгізілген 4300-ден астам зерттелген жер асты суларының кен орындары мен учаскелерін қамтитын ауқымды деректер базасы құрылуға тиіс.

Сонымен қатар «Қазгидрогеология» жер асты сулары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізе отырып, гидрогеологиялық саланы кешенді цифрландырумен айналысады.

Жаңа қызмет аясында Қазақстанның су тапшылығы бар өңірлерінде жер асты су ресурстарының көлемін ұлғайту үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүзеге асыру көзделген. Сонымен қатар халықты және экономика салаларын жер асты суымен, оның ішінде суару мақсаттары үшін қамтамасыз ету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілетін болады.

Жер асты суларын іздестіру, барлау және гидрогеологиялық ұңғымаларды бұрғылау қызметін лицензиялау, сондай-ақ жылу энергетикасы, жылыжай және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін жер асты суларының геотермалдық ресурстарын (баламалы энергия көзі) пайдалану бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізу жоспарлары да бар.

Белгіленген шаралар су шаруашылығы саласындағы басқару міндеттерін барлық деңгейде тиімді шешуге мүмкіндік береді.

primeminister.kz

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен атабабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. «Бастаушы болса қостаушы бар». Сыбайлас жемқорлық пен күресудің ізбасары болып үлес қосайық. «Ұры – қарының серігі» дегендей, «Жемқорлық – сыбайластың серігі». Әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз құба-құп. Сондықтан қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін құптауы тиіс.

Елдос АХМЕТОВ,
Ескелді ауданының әкімі

СУ ТАСҚЫНЫНАН КЕЙІН 13 МЫҢНАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛДЫ

Елімізде ауқымды су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға келтірілген залалды өтеу процесі жалғасуда. Үкімет аталған жұмысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асыруда.

Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және республиканың басқа да бірқатар облыстарының тұрғындары арнайы құрылған өңірлік комиссияларға тиісті өтініштер беріп келеді. Бүгінгі таңда 22 475 өтінім қабылданды.

Биылғы 29 сәуірдегі жағдай бойынша 13 259 отбасы 4,8 млрд теңгеден астам сомаға 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды. Мал шығыны үшін төленетін өтемақы көлемі 278 млн теңгеге жетті.

Бүгінгі таңда зардап шеккен өңірлерде 3 956 тұрғын үй тексеріліп, 2649 нысан бойынша бағалау жұмыстары жүргізілді.

524 үйде жөндеу жұмыстарын жүргізуге 670 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Келтірілген шығынды өтеу жұмыстары жалғасуда және Үкіметтің қатаң бақылауында. Президент тапсырмасы бойынша зардап шеккен азаматтардың барлығына жан-жақты көмек пен қолдау көрсетіледі.

primeminister.kz

МӘМС ШЕҢБЕРІНДЕ ИШЕМИЯЛЫҚ ИНСУЛЬТ АЛҒАН ПАЦИЕНТТЕРДІ ОҢАЛТУ



МӘМС шеңберінде «Нұр» ортохирургия медициналық орталығында артқы ми артериясының ишемиялық инсультін үш рет бастан өткерген пациент ми қан айналымының жіті бұзылуының (ОНМК) қайталама профилактикасынан өтуде.

МӘМС шеңберінде ОНМК бастапқы профилактикасы артериялық гипертензия, ми тамырларының отосклерозы, қант диабеті және басқа да фондық аурулары бар пациенттерге жүргізіледі. Ал ишемиялық инсульттан кейін пациентте қайтадан инсульт болмауы үшін қайталама профилактика тұрақты негізде стационарлық тәртіппен жүргізіледі.

Мамандардың айтуынша, бұл алдын алу шаралары инсультпен ауыратын науқастар үшін өте маңызды.

«8 жыл ішінде үш рет ишемиялық инсульт алған 67 жастағы науқас жылына 2-3 рет қайталама профилактика алады. Емдеу курсына тамырлы ноотропты, витаминді, гипертензияға қарсы және антиагрегантты терапия, физиотерапия, аяқ-қол массажы, физиотерапия және кинезиотерапия кіреді. Айта кету керек, пациенттерге барлық қызметтер МӘМС шеңберінде ұсынылады және олар бізге емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы жолдама бойынша келеді», -дейді невропатолог Салтанат МЫҚТЫБАЕВА.

Бірнеше жылдан бері медициналық орталықтың қызметтерін пайдаланып келе жатқан пациент те нәтижелерге риза.

«Инсульт алғаннан кейін мен бұл өте қиын ауру екенін білдім. Дәрігерлердің де, отбасымның да ерекше назарын қажет ететін сырқат екенін түсіндім. Бұл орталықта мен жылына екі рет жоспарлы ем аламын. Инсульттан кейін менің денемнің оң жағының сезімталдығы аздап жоғалды, бірақ дәрігерлердің тиісті күтімі мен барлық қажетті емнің арқасында мен қазір өзімді жақсы сезінемін. Өмір сапасы нашарлаған жоқ, ауру тіпті менің жұмысыма да қатты әсер еткен жоқ», - дейді науқас Мұса БИСЕНҚҰЛОВ.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ВОССТАНОВЛЕНИЕ ПРАВ УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕПАРТАМЕНТА

Очередное нарушение прав услугополучателей зафиксировано специалистами Департамента агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу (далее - Департамент). Как и в первом квартале текущего года, по причине аналогичных нарушений требований законодательства услугодателями, житель города Талдыкорган лишился своих законных прав.

Так, по результатам рассмотрения обращения жителя г. Талдыкорган на некачественное оказание государственных услуг в сфере земельных отношений специалистами Департамента было выявлено, что недобросовестное отношение к своим должностным обязанностям специалистов акимата Отенайского сельского округа и отдела земельных отношений г. Талдыкорган, лишили возможности услугополучателя своевременно оспорить свое несогласие с решением земельной комиссии, послужившим основанием для предоставления отказа в оказании государственной услуги.

А именно, установлено, что должностные лица обжалуемых государственных органов не ознакомили услугополучателя с протоколом решения земельной комиссии.

Данный факт лишил услугополучателя возможности выразить свое мнение по результатам принятого компетентными органами решения и возможности его дальнейшего обжалования в судебном порядке.

Лишь после реагирования Департамента услугополучателю представлены копии протокола земельной комиссии, тем самым нарушенные права восстановлены.

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу

2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «БЖЗҚ» АҚ-НЫҢ САЛЫМШЫЛАРДЫ (АЛУШЫЛАРДЫ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ НАУҚАНЫ

БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ашылған күннен бастап кез келген сұралған күнге өзінің зейнетақы жинақтарының жай - күйі туралы ақпарат алу - бұл міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының (бұдан әрі - салымшылар (алушылар)) заңмен бекітілген құқығы.

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты кез-келген ыңғайлы уақытта БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы, сондай-ақ, БЖЗҚ-ға жеке жүгінген кезде алуға болады.

БЖЗҚ-да ЖЗШ, шартты зейнетақы шоттарын (ШЗШ) ашқан кезде БЖЗҚ жинақтардың жай-күйі, ШЗШ туралы ақпарат беру тәсілі «әдет бойынша» автоматты түрде «БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы» және (немесе) Қорға дербес өтініш жасаған кезде болып белгіленеді.

Барлық қолданыстағы ЖЗШ бойынша БЖЗҚ-ның жинақтардың жай-күйі, ШЗШ туралы ақпарат беру тәсілі «әдет бойынша» автоматты түрде «БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинет арқылы» тәсілімен толықтырылды.

ШЗШ жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат берілген кезде ол сұраныс жасалған кезең ішінде қолданыста болған барлық шоттар бойынша беріледі.

ЖЗШ-сы БЖЗҚ-да 01.07.2023ж. дейін ашылған салымшылар (алушылар) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты өздерінің БЖЗҚ-мен арадағы жасалып, қол қойған келісімдерінде айқындалған тәсілдер мен кезеңділік ішінде алу құқығын сақтайды.

Бүгінгі күні өзектілігін жоғалтқан пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілдерінен бас тарту үшін (егер олар бар болса) БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ. Бас тартуды БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру арқылы ресімдеуге болады.

Салымшыларды (алушыларды) пошта байланысы және электрондық пошта арқылы жыл сайын хабардар ету жөніндегі науқанды жүргізу жылына кем дегенде бір рет жүзеге асырылады.

Пошта байланысы арқылы хабарлау әдісін қалайтын адамдардың саны жыл сайын азаюда. Мысалы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша олардың саны 2022 жылмен салыстырғанда 20,5% азайды. Егер неғұрлым ұзақ кезеңді қарастыратын болсақ, онда 2014 жылдан бастап (барлық шоттар мен зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіру кезеңі) пошта байланысы қызметтері арқылы жіберілетін үзінді көшірмелердің саны 9 есе қысқарды.

Заңнаманың ережелеріне сәйкес салымшылар (алушылар) БЖЗҚ міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін барлық өзгерістер (оның ішінде телефон нөмірі, электрондық мекенжайы және тұрғылықты мекенжайы (егер электрондық және почта байланысы арқылы хабарлау тәсілі таңдалған болса), банктік деректемелері) туралы БЖЗҚ-ға мұндай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға міндетті екендігіне назар аударамыз. Хабарландыру мүмкіндігі БЖЗҚ интернет-ресурстарындағы Жеке кабинет арқылы да, БЖЗҚ кеңсесіне жүгіну арқылы да қолжетімді.

БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

1.Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын кім толық көлемде, ал кім ішінара пайдалануға құқылы? Ол үшін не істеу қажет?

Қазақстаннан тыс жерлерге кеткен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар зейнетақы жинақтарын зейнет жасына толғанға дейін (жеке табыс салығын шегергенде) толық көлемде ала алады. Алу үшін олар Қорға (өзі, пошта арқылы не сенім білдірілген өкілі немесе заңды өкілі арқылы) БЖЗҚ сайтынан білуге болатын құжаттар тізбегін ұсынулары қажет. Осыдан кейін зейнетақы төлемі он жұмыс күні ішінде біржола төленеді.

Сондай-ақ, зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан қазақстандықтар өздерінің барлық зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) емделуге пайдалана алады, атап айтқанда:

- әскери қызметшілер;
- арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері және әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде 25 жыл еңбек еткен және қызметтен босатылған кезде заңнамада белгіленген шекті жасқа толған өзге де адамдар.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар адамдардың толық тізбесі Әлеуметтік кодекстің 212-бабында айқындалған. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану үшін еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер Отбасы банкіне немесе екінші деңгейдегі басқа банктерге, ал емделу ақысын төлеу үшін - тек Отбасы банкіне жүгіне алады.

Сонымен қатар, өмірді сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан, сол арқылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес мөлшерде қамтамасыз ете алатын қазақстандықтар тұрғын үйге және емделуге өздерінің барлық зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалана алады. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар тұлғалардың толық тізімі және бұл үшін қажетті құжаттар топтамасы Қордың ресми сайтында да көрсетілген.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеу үшін БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар пайдалана алатынын хабарлаймыз. Тек мұндай адамдардың:

- зейнетақы жинақтарының сомасы ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын болуы керек. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырған зейнетақы жинақтарының сомасы мен белгіленген ең төменгі жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспауға тиіс;
- БЖЗҚ-да жинақтары бар, қазіргі кезде зейнетақы төлемін алып жүрген зейнеткерлер. Олар тұрғын үйге және/немесе емделуге қалған сомасының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Бірақ олардың жиынтық зейнетақысы (жасына байланысты зейнетақыны, базалық зейнетақыны және БЖЗҚ төлемдерін қоса алғанда) бұрын алған жалақысының кемінде 40 пайызын құраған жағдайда ғана осы мүмкіндікке қол жеткізе алады.

2.БЖЗҚ-дағы ұзақ уақыт бойы талап етілмеген жинақтардың тағдыры қалай шешіледі? Ол қаржы қандай жағдайларда мемлекет кірісіне айналуы мүмкін?

Әлеуметтік кодекстің ережелерінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне негіз бола алатын жағдайлардың нақты тізбесі көрсетілген. Оның ішінде Алушының қайтыс болуына (жерлеуге және (немесе) мұрагерлерге) байланысты жасалатын төлем де бар. Тиісінше, БЖЗҚ зейнетақы жинақтары сомасының есебін жүргізуді алушы немесе оның мұрагері (мұрагерлері) осы соманы талап еткенге дейін жалғастыра береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, егер өсиет бойынша және заң бойынша мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұрагерлікке құқығы болмаса не олардың барлығы мұрадан бас тартса, мұра иесіз мүлік болып танылады және мұра ашылған жер бойынша коммуналдық меншікке өтеді.

Осылайша, мұра иесіз мүлік деп мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініші негізінде сот шешімі бойынша ғана танылуы мүмкін.

3.Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) сенімгерлік басқаруға беру ережелері қандай? Мен жаңа ережелерге сәйкес, жинағымның қаншалықты көлемін аудара аламын?

Міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) салымшылары, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) аударылған жеке тұлғалар ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару құқығын төменде көрсетілген мөлшерден аспайтын сомада пайдалана алады:

- МЗЖ салымшысының, пайдасына МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның ИПБ таңдау (өзгерту) туралы өтініші түскен күні жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтары сомасының елу пайызы шегінде. Кейіннен басқа ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берген кезде зейнетақы жинақтарының көлемі ИПБ-ның инвестициялық кірісі қоса есептелген, бұрын берілген зейнетақы жинақтарын ескере отырып айқындалады (өтініш беру зейнетақы жинақтары ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап жылына бір рет қана жүргізіледі);

Немесе

- сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда, олардың ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспайтын көлемде;
- ИПБ сенімгерлік басқаруына беруге болатын ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы ЕЗЖ-ны есепке алатын ЖЗШ-да қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасынан аспайды.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудармай тұрып, нарықтағы ИПБ-лардың қолданыстағы тізбесімен танысып, олардың БЖЗҚ сайтындағы инвестициялық декларацияларын, инвестициялық қызметтеріне шолуларды зерделеу қажет, таңдалған жеке компанияның тәжірибесі мен жұмыс нәтижелері туралы толығырақ білген дұрыс. ИПБ-лар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын https://www.enpf.kz/ сайтындағы Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі» бөлімінен біле аласыз. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі толық статистика да www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» – «Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру» бөлімінде қолжетімді.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне жылына тек 1 рет аударуға болатынын атап өтеміз. Егер сіз жинақтарыңызды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) басқаруына қайтару туралы шешім қабылдасаңыз, онда бұл ойыңызды зейнетақы жинағыңызды ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берген күннен бастап тек 1 жыл уақыт өткен соң ғана жүзеге асырыласыз.

Бұл ретте, егер зейнетақы жинақтары ИПБ таңдау туралы өтінішке сәйкес бір ИПБ-ға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына қайтару зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берген күннен бастап тек бір жыл уақыт өткен соң ғана жүзеге асырылады.

4.Қазақстан Республикасының қай санаттағы азаматтары міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеуден мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. Сонымен қатар, жұмыс берушіге жоғарыда аталған адамдардың өтініші негізінде БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға және аударуға рұқсат етіледі. Осылайша, мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар отандастарымыз жұмыс орны бойынша БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде алуға құқылы. БЖЗҚ Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес ұсынылатын салымшының (алушының) келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ақпараттық жүйесінен мүгедектікті белгілеу туралы мәліметтерге сұранысты дербес жасай алады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтініштi БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі немесе сенім білдірілген тұлға арқылы, enpf.kz интернет-ресурсы, сондай-ақ пошта байланысы арқылы беруге болады.

5.ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қызметкерлерінің еңбек өтілін қалай растауға болады? Оны БЖЗҚ-ға хабарласу арқылы жасауға бола ма?

2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім шеңберінде Қазақстан Республикасындағы (бұдан әрі – ҚР) еңбекшілердің жұмыс өтілін растау жөніндегі құзыретті органдар:

1) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің комитеті және оның аумақтық бөлімшелері - 1998 жылға дейін жинаған еңбек өтілін растау бөлігінде;

2) БЖЗҚ-ның аумақтық бөлімшелері - 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жиналған еңбек өтілін растау бөлігінде (міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы ақпараттық жүйенің деректері бойынша).

Толық ақпарат enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) интеграцияланған жүйесін пайдалануға көшкенге дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасындағы өзара іс-қимыл Өзара іс-қимыл тәртібінің 3-тармағында көзделген нысандармен, сондай-ақ зейнетақыны тағайындау және төлеу үшін қажетті құжаттармен алмасу арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасырет болып табылады ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамаитын әлемдегі барлық елдегі қаисысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruption» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу,зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдіреді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрыңғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әдептілік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу,пара беру, парақрлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару,жалған жауап берге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

А. АСУБЕКОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ аға анықтаушысы
азаматтық қорғау
аға лейтенанты

ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ОТДЫХА В ЛЕСУ

Лес — это зеленая одежда земли и наше самое большое богатство. Самым грозным врагом леса всегда был огонь. В настоящее время в большинстве случаев его возгорания виноват сам человек. Но выполняя несложные правила пожарной безопасности в лесах, можно сохранить природу и не допустить масштабного бедствия.

Лесные пожары оставляют после себя опустошенную на долгое время территорию. А начинаются они подчас из-за недооценки опасности огня и нарушения правил поведения в лесу. Оброненный окурок, брошенная после пикника стеклянная посуда и непотушенное кострище — всё это потенциальные источники пожара.

В современном обществе стал очень модным зеленый туризм. Но не все новоявленные туристы владеют даже азами пожарной безопасности на природе. Не задумываясь о последствиях, они раскладывают костер для приготовления пищи под деревьями, около кустарников, не следят за ним.

Огонь в лесу часто бывает жизненно необходим: он согревает, высушивает одежду, дает возможность выпить чай и приготовить. Но нужно знать правила обращения с ним, иметь элементарные практические навыки по разведению и тушению, разбираться в видах и способах его разложения.

Чтобы умело развести костер в лесу надо запомнить для себя несколько основных шагов:

должен быть проведён тщательный подбор места разведения;обязательная подготовка площадки;заготовка топлива и растопки.Любая оплошность при обустройстве костра может разрушить экологическое равновесие. Например, жар огня вблизи деревьев сильно нагреет их кору и живые ткани. Дерево может погибнуть. Нагретая до высоких температур почва спекается и становится безжизненной.

Существует ряд правил для «безопасного костра»:

в сухую погоду разжигайте костер только на песке или камне, по берегам водоемов, на полянках с зеленой травой;убирайте от огня все горючие предметы на расстояние более полуметра;для экстренного тушения костра держите вблизи несколько емкостей с водой;положите рядом пучок нарезанных веток для захлестывания огня;никогда не разводите огонь около смолистых деревьев, у деревьев с дуплами, на старых вырубках;густая трава, мох, лишайник могут стать причиной возгорания окрестных деревьев;не разводите высоких и больших костров: несколько маленьких могут принести вам больше пользы;если вы увидели старое кострище — воспользуйтесь им;если не нашли подходящего места, снимите верхний слой почвы с дерном и разожгите костер на земле без органической подложки. Разводите костер не меньше чем в трех метрах от палаток с подветренной стороны.Не забудьте, если вы находитесь в заповедном лесу, то в нем обязательно устроена площадка для костра. Самовольное ее перенесение наказывается по Закону.

Даже если вы тушили костер вечером, утром снова проверьте место: могут остаться тлеющие угольки.Пощупайте пепел и золу — они должны быть холодными. Перекопайте вместе с ними этот участок. После тушения костра не уходите сразу, подождите минут 15–20. Только убедившись, что всё в порядке, можете уйти.

Только от нашего правильного отношения к огню зависит пожарная безопасность в лесах. Выполняя простые правила поведения на природе, можно существенно убавить количество лесных пожаров.

А. АСУБЕКОВ,
Ст.дознаватель ОЧС
Ескельдинского района
старший лейтенант
гражданской защиты

О МЕРАХ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРИОД ПРОВЕДЕНИЯ ВЕСЕННИХ РАБОТ ПО ОЧИСТКЕ ТЕРРИТОРИИ

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района ДЧС области Жетісу напоминает о соблюдении элементарных правил пожарной безопасности:

1)запрещается разводить костры ближе 50 метров от зданий, строений, сооружений, а также лесов. По истечении надобности костёр должен быть тщательно засыпан землёй или залит водой;

2)очистите от сухой травы и мусора приусадебные и дачные участки, не бросайте не потушенные окурки и спички в траву, т.к. вызвав тление горючего материала, сам окурок через некоторое время гаснет, но образованный им очаг тления при благоприятных условиях может превратиться в пожар;

3)не сжигайте сухую траву, листья и мусор, собрав его, упакуйте в мешки и сложите их в специально отведенных местах для дальнейшей утилизации;

4)в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды или при получении штормового предупреждения запрещается разведение костров, проведение пожароопасных работ, а также топка печей;

5)пресекайте детскую шалость с огнем, разъясните детям опасность огня;

6)рекомендуется у каждого жилого строения устанавливать ёмкость (бочку) с водой или иметь огнетушитель.

При появлении малейших признаков пожара (задымление или открытый огонь) об этом необходимо немедленно сообщить в органы гражданской защиты по телефону «101» или «112». Вызовы экстренных служб осуществляется без дополнительных символов, возможен при отрицательном балансе и даже при отсутствии в телефоне SIM-карты.

А. АСУБЕКОВ,
Ст.дознаватаель ОЧС
Ескельдинского района
ст.лейтенант гр/защиты

ҚАҺАРМАН АҒА ЖӘНЕ БІЗ

Мен өзімді бақытты жандардың қатарында санаймын. Әскери қызметте жүрген кезімде әскербасылық жоғары лауазымдарға тағайындалған көптеген атпал азаматтармен жақын танысып араласуға және көбімен бірге қызмет етуге мүмкіндіктер алдым. Ілгеріде олардың туған жер, туған ел, патриоттық тәрбие туралы айтқандары да есімде. Шынын айтсам, кейде осыларымды мақтан тұтамын.

Кешегі Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің дара төрағасы, бүгінгі Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның № 1 Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың артында ешкім қайталай алмайтын өшпес із қалды. Аса құрмет тұтатын абыз ағамның айтқандарының бірі сонау 2000 жылдардан бері қойын дәптерімде қалыпты, оқып берейін.

«Жаңадан құрылған Қорғаныс министрлігіне 3 ай мерзім ішінде әскери құрылымдарды қабылдай отырып, олардың басқару жүйесін қамтамасыз ету мен жауынгерлік әзірліктерін тиісті жағдайда ұстау тапсырылды. Бірақ, «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» кеткен сол бір өтпелі кезеңде жауынгерлік дайындықты назардан бір сәт те шығармай, ұйымдастыру, басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, әсіресе жауынгерлік техникалар мен қару-жарақтарға иелік ету офицерлер мен генералдардан орасан зор қажыр-қайратты талап етті. Министрліктің құрылуына байланысты полковниктер С.С. Тауланов, С.Ж. Ахметов, Қ.И. Байжігітов, Б.Д. Кенжебаев, Л.А. Нагай, М.Ю. Раджибаев, М.О. Орынбеков, подполковник А.Н. Киреевтер лауазымдарға тағайындалды. Құрамаларға басшылық жасау генерал-майор Г.Б. Тимошенко және полковниктер А.П. Безюкевич пен Б.Е. Ертаевқа жүктелді. Келесі топта негізгі жауапты лауазымдарға полковник Ә.Х. Қасымов, полковник А.Ғ. Исенғұлов, генерал-майор Ю.Ш. Курматов, полковник С.Ж. Темірбеков, полковник М.Г. Бареев, полковник В.Г. Сапсай, полковник А.А. Құсмолдин, полковник Ж.К. Рыспаев, генерал-майор А.С. Әбдірахманов, полковник Б.М. Берекетов, генерал-майор М.Қ. Алтынбаев, полковник А.Ш. Васимов, генерал-майор Ф.И. Щербаков, полковник В.А. Акулов және басқалар тағайындалды. Осылардың барлығы да ел іргесін аман сақтау жолында қажыр-қайратын аямай қызмет ете білді. Өз кезегінде Президентіміз Н.Ә. Назарбаев сала қызметінің әрбір күнін, әрбір қадамын жіті назарда ұстады. Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Басқолбасшысы ретінде Отан қорғаушыларымен жиі кездесіп, оларға өте жоғары қолдау көрсетіп тұрды. Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау мәселелері де өз шешімін таба бастады. Соның арқасында біз жауынгерлік дайындықты аз уақыттың ішінде тиісті жолға қоя білдік».

Әскерилер арасында «ақсақал» атанып кеткен тұңғыш министріміздің сөзінде жан бар. Қайран өмір-ай! Қазыналы қариямызды, қиын кезде жол бастаған көсемімізді, ақылгөй кемеңгеріміздің біздің ортамыздан келмеске алып кеттің ғой?! Күн өткен сайын абыз ақсақалымызға деген сағыныш сезімі артып барады, артып барады! Ал, енді Сағадат Қожахметұлының өзі туралы оның көзін көргендердің көкірегінде мынандай мақтаныш сезімі бар.

«...Аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарында іскер офицер, қабілеті жоғары әскербасы ретінде танылған Кеңес Одағының Батыры Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың ақылы мен парасатының, даналығы мен даралығының, тәжірибесі мен беделінің арқасында өте қысқа мерзімде айтып болмайтын іс-шаралар жүзеге асырылды. Тұңғыш Қорғаныс министрі атанған ұлы тұлғаның тәуелсіз Қазақстанның № 1 Халық Қаһарманы атануы соның нақты дәлелі. Ол елге, жерге, Президентімізге адал қызмет етудің зор өнеге-үлгісін көрсеткен тәуелсіз Қазақстанның бас сардары.».

Шоқтығы биік алғашқы топтың құрамында полковник А. Тасболатовтың да болғанын жақсы біледі. Кейінірек генерал-лейтенант атағына дейін көтерілген Абай Бөлекбайұлы Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымында жүргенде осы жолдардың авторы яғни, мен министрлікте жеке басқарманың бастығы болдым. Ол біздің басқарманың жұмысына жетекшілік (кураторлық) ететін. Көптеген іс-шараларды бірге атқардық. Жекелеген маңызды құжаттарды да орындаған күндеріміз аз болмады. Өте жақын араластық. Реті келгенде өткен өмір жолдары туралы да жиі әңгімелесіп тұратынбыз. Жоғарыдағы жолдардың иесі осы Әбекең.Кейінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған әскери ғалым, генерал-лейтенант Абай Тасболатов мен үшін «әскери ұстахананың бас шебері» сияқты. Себебі, тұла бойы тұнған өнер: білімде – ғылым докторы, профессор, спортта – шебер, әскерде – генерал-лейтенант, қоғамдық қызметте – халық қалаулысы болды. Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат.

Қазақстан өз егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялаған тұста Республика Президенті Қорғаныс министріне сырт елдерде жүрген әскери адамдардың өз Отанына оралуына қатысты ұсыныс жасау туралы тапсырма берді. Және бұл бағытта көптеген игі шаралардың жүзеге асуына толыққанды жағдай жасады. Туған елге оралған отандастарымызды Сағадат Қожахметұлы қабылдап, оларға әкелік, ағалық ақыл-кеңестерін берді. Барлық жағдайды тәптіштеп тұрып түсіндірді, еліміздің Қорғаныс саласын көтеруге байланысты Отан қорғаушыларының алдына қойылған орасан зор міндеттермен таныстырды. Әсіресе, ұрлыққа, тонаушылыққа жол бермеуді қатаң тапсырды.

Иә, мұндай әңгімелерді ондап емес, жүздеп келтіруге болады. Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Б. Ертаев Қорғаныс министрлігінің Бас инспекциясын басқарғанда, мен қарамағында қызмет еттім. Бірде кейіннен Парламент Мәжілісінің депутаты болған Бақытжан Ертайұлы былай деп еді:

«Еліміз өзінің тәуелсіздігін жариялаған кезде мен әлі Германияда полк командирі едім. Жағдайым жаман емес. Қызметім де оңды. Қарулы Күштердің әрине Кеңес Одағының ғой, жоғарғы қолбасшылығы жұмысымды жоғары бағалап, екінші мерзімге командир етіп қалдырған болатын. Бірақ, көк туымыз көкке желбірегенде солардың бәрін тастап, туған елге оралып, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың басшылығымен Қорғаныс Комитетін, бір жылдан кейін Қорғаныс министрлігін құруға ат салысқаным үшін өзімді бақытты санаймын. Мен осындай батыр ағамыздың мектебінен өтіп, тәрбие алғанымды мақтан тұтамын. Ол мен сияқты қаншама офицердің өзіміздің кіндік қанымыз тамған туған жерге оралуымызға мүмкіндік жасаған жан...».

Бұл да өмір шындығы.

Әлі есімде, 2001 жылдың ақпан айы болатын.

Өмір бойында қызметтен қол үзбейтін Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның № 1 Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов Қорғаныс министрлігіне қарасты «Казспецэксперт» әскери мекемесі басшысының кеңесшісі болып істейтін. Біраздан бері мазалап жүрген ойдың түйінін шеше алмай жүргенмін. Ақыры батылым жетіп, Сағадат Қожахметұлының кабинетіне телефон соғып, қабылдауын сұрадым. Ол кісі мені келесі күні сағат 10.00-де күтетінін айтты. Келіскен күні, келіскен сағатта бас сардардың алдынан табылдым. Қайран абызым-ай, қанша жұмысбасты болып отырса да алдына келген небәрі аға лейтенант шеніндегі менің қал-жағдайымнан бастап сұрап, айтқан шаруамды басынан аяғына дейін ұйып тындады. Сосын ақылын айтып, батасын берді.

Тағы бір есте қалғаны, сол кездесу барысында екі ортадағы әңгіменің негізгі арқауы Чернобыль апатына қатысты болып, көтерген мәселеме қатысты кез келген уақытта қолдау көрсетуге уәде беріп еді. Өмірден өткенше айтқан уәдесінде тұра білген Сағадат Қожахметұлы маған да туған әкемдей қамқоршы болып кеткен. Есімін аса жоғары құрметпен тағы бір рет атап өтуге тиіспін.

Баруын барып алдым да, қабылдау бөлмесінде қобалжып біраз тұрып қалдым. Сосын кабинетінің есігін сескене қақтым да, Жарғы бойынша әскери қызметшілердің арасында қалыптасқан тәртіппен:

– Кіруге рұқсат па екен? Аға лейтенант Жүніс-Бек, – дедім.

– Кір, төрлет. Келіскеніміздей, сені күтіп отырмын, – деді ол.

– Саулығыңызды тілеймін, жолдас армия генералы!

Ол өзін кешегі кеңестік әскерде танытқан батыр ағамыз. Сондықтан мен онымен Қазақстан әскерінде қолданатын «мырза» сөзімен емес, кеңес дәуіріндегі «жолдас» сөзімен сәлемдестім. Армия генералы қолындағы оқып отырған кітабын үстел үстіне қойды да, көзілдірігін шешті. Сосын қолымен алдында бос тұрған орындықты көрсетіп, маған «отыр» деп ишарат білдірді. Шынымды айтсам, ондайды күтпеген болатынмын. Аздап сасқалақтап қалдым. Ал, ол болса:

– Қалың жақсы ма? Қызметің қалай? – деп қал-жағдайымды сұрап жатыр.

– Жақсы, бәрі дұрыс, жолдас армия генералы!

– Пәтер алдың ба?

Мен аздап кібіртіктеп қалдым. Өйткені, сол кезде пәтер жалдап, Алматыдай алып қалада баспана қиындығын көріп жүргенім шындық болатын. Сонда да:

– Өзіме қатысты проблемам жоқ. Назарыңызға рахмет, жолдас армия генералы!

Мүмкін біреулер үшін бұл қарапайым көрініс болар. Бірақ, шені төмен қатардағы офицер – аға лейтенант үшін армия генералының мұндай қарапайымдылығы мен қамқорлығы шынымен де күтпеген жағдай еді. Ол мені алдына барған сәттен бастап-ақ баурап алды.

– Онда қандай мәселемен келдің?

– Менің сізге екі сұрағым және бір өтінішім бар...

Сөзімнің артын «жұтып» қойдым, білем. Ол:

– Айт, қысылма, тыңдап отырмын, – деп «жетегіне алды».

Осыдан кейін-ақ, бойымдағы қорқыныш пен қобалжуым басылып еркінси бастаған мен:

– Жолдас армия генералы! Сізге келген шаруам қызметіме қатысты емес... – деп, орнымнан тұрып барып, кабинет иесінің алдына ақ-қара түсті ескі фотосуреттердің бірін қойдым. Суретте генерал-лейтенант далалық жағдайда жасақталған мінбеде сөз сөйлеп тұр. Сағадат Қожахметұлы суретті қолына алды. Сосын әрі-бері анықтап қарап:

– Так, так... так... помню... помню, – деп орысша бастады да, сөзін қайтадан қазақша жалғастырды. – Менде мұндай сурет болмаған. Қазір есіме түсіремін... Иә, иә... Жаңылмасам, бұл Чернобыльге барғанда ғой... 1986 жылғы жазда болатын. Бұл сенде қайдан жүр?

Сөзін маған қаратып сұраулы сөйлеммен аяқтаған генералдың алдына екінші суретті қойдым. Бұлдыраңқы шыққан, әрі сарғая бастаған екінші суретте әскери тіқұшақтан түсіп келе жатқан генерал-лейтенант пен оны қарсы алып, баянат жасап тұрған полковниктің бейнесі бар. Қастарында бір топ офицерлер тұр.

– Мынау да сол жақта ғой. Бәсе, жаңылған жоқпын. Маусым айы болатын. Ойланып көрейін, нақты күнін есіме түсіруім мүмкін...

Ақсақалды әуреге салғым келмеді.

– Дәл солай, 1986 жылдың 26 маусымы, – дедім.

– Иә, иә, ұмытқан жоқпын, 26 маусым болатын... Сенің неге келгеніңді түсіндім. Өткенде теледидардан көргенмін, Чернобыль апаты тақырыбына қатысты баспасөз конференциясында сөйлеп жатқаныңды. Қазір бәрін айтып беремін. Алдымен, ұмытпай тұрғанда, сен келген шаруаңды айтып ал...

Қазақша айтқанда, «пайғамбар жасынан» асқан абыз ақсақалдың есте сақтау қабілетінің мұнша жоғары екенін мойындауға тура келеді. Кешегі аштық пен Ұлы Отан соғысын көрген, ғұмыр бойы Кеңес әскері қатарында, басқа да мемлекеттік жоғары лауазымдарда қызмет еткен аға сардардың көп ерекшелігінің бірі осы деп білдім.

– Сағадат Қожахметұлы, айып етпесеңіз, менің айтарым да сол Чернобыльге қатысты. Бірінші сұрағым, Арнайы топта бірге болған он төрт адамнан қазіргі күні екеуі ғана тірі қалды. Бірі Қазақстан Қарулы Күштері әскери медицинасының негізін қалаған медицина қызметінің генерал-майоры Талғат Сағадатұлы Нұрмағамбетов, екіншісі Ресейдің Симферополь қаласында тұратын медицина қызметінің полковнигі Олег Иванович Стеблий.

Сіз ұзақ жылдар бойы жоғары әскери лауазымдарда болдыңыз. Айтпағым, ұлыңыз Талғатты апатты аймаққа жібермей алып қалуға болмады ма?

– Жоқ, олай етуге арым бармады. Мен бала кезімнен жетімдікті, жоқтықты көріп өстім. Бірақ, Отан-Анаға деген сүйіспеншілігім ерте жастан қалыптасты. Ығыма шен тағып, шекпен киген күннен бастап өзімді кез келген уақытта кез келген тапсырманы орындауға дайындадым. Әке ретінде жақсы көргенім рас. Бірақ, мен ұлымды туған елінің нағыз патриоты болуға тәрбиеледім. Өйткені, өзім де сондай тәрбие көрдім. Сондықтан апатты аймаққа басқа елдің баласын жіберіп жатқанда, қайталаймын, өз баламды алып қалуды жөн көрмедім. Офицер Отан сарбазы деген жоғары атаққа лайықты болу керек емес пе?!

– Рахмет. Енді өтінішімді айтуға рұқсат етіңіз. Мына жол сөмкемде осы уақытқа дейін жинап жүрген мұрағаттық дүниелерім бар. Рұқсат етсеңіз, соны көрсетейін. Өтінішім мынау – Чернобыль апатының 15 жылдығы қарсаңында республика көлемінде үлкен іс-шара өткізбек едім. Соған келіп қатысып, жігіттерге бір ауыз тілек-ниетіңізді білдіріп кетсеңіз...

Қасиетіңнен айналайын абызым, орнынан тұрып мені қасына шақырып, құшағына алды. Сосын:

– Жаңағы баспасөз конференциясын бекер айтқан жоқпын. Мен сенің көтеріп жүрген мәселеңнен хабардармын. Өткенде газетке шыққан мақалаларыңды да оқығанмын. Риза болып қалдым. Өте үлкен жауапты істі бастапсың. Қадамың құтты болсын! Дегеніңе жет! Елдің алғысын ал! Саған берер ақ батам осы болсын! – деді.

Артынан кабинетте естелік суретке түстік. Чернобыль тақырыбына ұзақ әңгімелестік. Ал, сол кездесу менің одан кейінгі өміріме қанат бітіргендей болып қала берді. Абыздың сондағы айтқаны әлі есімде:

– Чернобыльге барғанда мен генерал-лейтенантпын, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары лауазымындамын. Қасымда округтің химиялық қызмет басқармасының өкілі подполковник Захаров бар. Киев қаласындағы аэропортта ұшақтан түсе сала қазақстандық 27-ші химиялық қорғау полкінің командирі полковник Лутфуллоевпен кездесіп, апат аймағындағы жерлестеріміздің жағдайын жан-жақты зерделедім. Жеке құрам өте кең аумақта дезактивация жұмыстарымен айналысып жатты. Келген бойда біздің адамдар жұмыс істеп жатқан барлық жерді аралап шықтым. Жағдай өте қиын болатын. Бұрқыраған шаң, ластанған ауа. Елді мекендерде үйіліп жатқан қоқыс, мал қоралардан шығарылған қорда. Осылардың бәрін жинау керек, дезактивациялау керек болатын. Захаров дозиметрмен жүрген жердің барлығын арнайы өлшеп жүрді. Қай жерде болмасын радиация деңгейі тиісті мөлшерден әлдеқайда жоғары шкаланы көрсетті. Соған қарамастан бірқатар жергілікті тұрғындар өздерінің туған үйлерін, бар мүлкін тастап кетуге қимады. Оларды түсінуге болатын. Кім өзінің үйін, туған жерін тастағысы келеді? Әрине ешкімнің де тастағысы келмейді. Оның үстіне Украина мен Белоруссия басшылығы көпке дейін қарапайым халықтан шындықты жасырып келді ғой. Бұл халықты эвакуациялау жұмыстарын күрделендірді. Бұқаралық ақпарат құралдары – газет-журнал, радио, теледидар дегендерің де жоғарғы партиялық нұсқаудың ықпалынан шыға алмай, шындықты ашып жаза алмады. Бір сөзбен айтқанда, журналистер іс жүзіндегі нақтылы жағдайды білмеді. Ал, білгендері қызметтен шеттетілді.

Әлі есімде, Гомельде соғыс кезінде бірге болған Цыганков Михайл Павлович деген ескі досымның үйіне соқтым. Ол мені өзінің саяжайына шақырды. Жеміс ағаштары әбден гүлдеп болған, бәрі жайқалып өсіп тұр. Бақтың іші тап-таза. Бірақ, ол көрген көзге ғана. Химиктің дозиметрі нормадан біршама жоғары көрсетіп тұр. Ал, оның көршісінің ауласын өлшеп едік, дозиметрдің шкаласы тіпті жоғарылап кетті. Қатар тұрған екі саяжайда екі түрлі көрсеткіш. Таң қалатын жағдай.

Досымның қаладағы үйіне соқтық. Қаладағы ластану деңгейі саяжайдан төмендеу екен. Жасыл желекті өсімдіктердің көптігінен болуы керек, колхоздардағы қарапайым үйлерде радиация мөлшері жоғары болып шықты. Сондықтан біздің жігіттер оларды арнайы суйықтармен өңдеді. Ластанған топырақтың үстіңгі қабатын қырып, арнайы ұраларға көмді. Нәтижесінде радиациялық улану деңгейі әжептәуір төмендеді. Ал, ана кейбіреулердің «радиацияны толықтай тазалап шықты» деп айтып жүргені қарапайым халықтың арасында толқу болмасын деген мақсатта айтылып жүрген өтірік әңгіме.

Апат зардаптарын жою жұмыстарын ұйымдастыруда кемшіліктер көп болды. Көп жердегі жауапкершілік пен ұйымдастырушылықтың төмендігінен қатардағы сарбаздар мен запастан шақырылған әскери міндеттілерді есепке алу жұмысында салғырттық орын алды. Жеке есепке алынбағандықтан олардың көбі арнайы медициналық анықтамаларды дұрыс ала алмады. Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес 18-20 жас аралығындағы сарбаздар залалсыздандыру жұмыстарына тартылмауы керек болған. Іс жүзінде өте көп сарбаз алғашқы күннен бастап сол аймақта жұмыс істеді. Бұл бір.

Екіншіден, полктің жеке құрамы алты айда бір-ақ рет ауыстырылды. Ал, нақтысында 2-3 айда ауыстырылып тұру керек болатын. Олай болған жағдайда апатты залалсыздандырушылар зардапты аз шегер еді. Нәтижесі қандай? Апатты залалсыздандыру жұмыстарына қатысқан полктің жеке құрамы тұтастай әртүрлі топтағы мүгедектер қатарын толықтырды. Соның кесірінен жұмыссыз қалып, ешкімге қажеттері болмай барады. Сондықтан «чернобыльдықтарға» қатысты арнайы заң қабылдап, олардың тұрмыс-тіршілігіне, емделуіне назар аударған жөн. Оған қаражат табу керек. Қазір Чернобыль атом станциясы жабылды. Менің түсінігімше, егер Украина мемлекеті дұрыс көңіл бөлгенде мұншалықты қауіп болмайтын еді. Бұл нені айтады? Америка, Франция, Жапония және басқа елдердің тәжірибесін зерделеп, үйрену қажет сияқты. Оларда АЭС ұзақ жылдар бойы үздіксіз жұмыс істеп, қалалар мен ауылдарды арзан энергиямен қамтамасыз етіп тұр. Мен Қазақстанға АЭС салуға қатысты мүлде қарсымын деп айта алмаймын. Егемендігін енді ғана алған тәуелсіз елге электр қуаты керек. Сондықтан әлемдік тәжірибелерді жинақтап, инженерлік кадрларды даярлап, бұл мәселені жан-жақты қарастырған абзал. Қорқудың да қажеті жоқ. Терең ойластырып, Чернобыльдің екінші рет қайталанбауын қамтамасыз еткен жөн. Бастысы, станцияны салу емес, оны дұрыс пайдалана білу. Әрине, бұл жерде мамандар – атомщиктер қарапайым халыққа мұндай құрылыстың маңыздылығын дұрыс түсіндірулері қажет.

Қорыта айтқанда, еңсені түсірудің қажеті жоқ. Алға қарай нық қадам жасаған абзал. Үкімет мүшелері еліміздің апат зардаптарын жоюға қатысқан азаматтарының қал-жағдайын, мүддесін дұрыс түсініп, олардың өмірдегі рөлін арттыруға оң қабақ танытады деп сенемін.

Армия генералы Сағадат Қожахметұлының осындай маңызы зор салиқалы әңгімесін ұйып тыңдадым. Артынан қолымды алып тұрып, ыстық ықыласпен шығарып салды. Оның әрбір сөзінен мейірімділікті, жанашырлықты сезініп, күллі дене бойым шымырлап қоя берді. Мен одан мұндай кеңдікті, мұндай қарапайымдылықты күтпеген едім. Не айтарымды білмей, сасқалақтап есім шықты...

Арада біраз күннен кейін аға сардар берген уәдесінде тұрып, Алматыдағы Орталық әскерлер үйінде өткізген алқалы жиынға келіп қатысты. Келген бойда алдымен апат ардагерлерін бастап 28 панфиловшылар паркіндегі Отан-Ана ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

2013 жылдың күзінде қазыналы қария келместің кемесіне мініп кете барды. Күн өткен сайын абыз ақсақалымызға деген сағыныш сезімі артып барады, артып барады!

Марат ЖҮНІС-БЕК.

САПТАН ШЫҚПАҒАН САРДАР

САПТАН ШЫҚПАҒАН САРДАР

немесе отставкадағы полковник Серікбай Мейірбайұлы Онбаев туралы сыр

Әлі есімде, күнтізбеде 1997 жылдың көктемі еді. Қорғаныс министрлігі Телефотостудиясының ашылғанына көп бола қоймаған. Алланың берген бағы болар, күтпеген жерден сол Телефотостудияның тұңғыш редакторы болып тағайындалдым. Жаңадан ашылған мекеменің іргетасын қалаған Ресей әскерінен ауысып келген капитан (кейіннен полковник) Қайыр Дінбаянов. Екеуміздің алдымызда ұшы-қиыры жоқ жұмыстар тұрды. Қайырдың отбасы бір орыстың ескі пәтерін жалдап, ал менің отбасым белгісіз мерзімге жырақта қалған.

Үлкендер жағы ұмыта қоймаған болар, ол бір сүреңсіздеу, қол байлаған қиындығы көп жылдар еді. Бірде жүрер жолға, бірде ішер тамаққа тиынымыз жетпей қалса да, иығымыздағы погонның беделін түсірмеуге тырысатынбыз.

Телефотостудия Тимириязов көшесінде, Қорғаныс министрлігінің Орталық аппараты Жандосов пен Алтынсарин көшелерінің қилысында. Жоғары қолбасшылықтың барлығы сонда отырады. Екі орта онша алыс емес. Қызмет бабымен жиі барып тұрамыз. Бірде ҚМ Ұйымдастыру-жұмылдыру департаментінің басшылығынан әскерге шақыру шарасына қатысты сұхбат алу керек болды. Эфирге шығатын түсірілім екенін білгесін біраз адам қобалжып қалды. Әрине камераға қарап сөйлеуге ешкім жаттықпаған. Ұлттық кадр жоқтың қасы. Барының өзі қазақша сөйлейтінін естіп еді, жан-жаққа қаша бастады. Сөйтіп жүргенде болмысы қазақы бір офицер табылып, қиындықтан құтқарып еді. Жұмыс бабында ғана сөйлескен соң болар, оңтүстік жақтың тумасы екендігінен басқа айтқан сөздері есімде қалмапты.

Содан бір күні көшеде келе жатып өтіп бара жатқан полковникке сәлемдескем. Ол да, мен де кілт тоқтағанымызды түсінбей қалдық.

Міне, қызық. Қарсы алдымдағы офицер өзім сұхбат алып, телехабарға шығарған Серікбай Онбаев екен. Күтпеген кездесу. Екеуміз бір-бірімізді құшақтап, құттықтап, біраз қауқылдасып қалдық. Сөйтсем, Секең нағыз қазақ, нағыз ұлтжанды, нағыз бауырмал азамат екен. Ағалық танытып, жақын тартып емен-жарқын әңгімеге шақырды. Сөз арасында өзінің Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келгенін, майдангер офицердің баласы екенін де айтып үлгерді. Аға-інінің осы бір кездесуі менің санамда әлі күнге дейін естелік болып сайрап тұр...

Бірінші шегініс. Бала арманы қалай басталды?

Мейірбай ағаның туысының жоғары әскери оқу орнында оқитын курсант баласы Сапаров Асан каникулға шығып, кіші әкесіне сәлем бере келген. 4 сыныпта оқитын ұлы Серікбай көкесінің үстіндегі әскери формасына, жүріс-тұрысына қызығып, артынан қалмайды. Ақыры ішкі ойын жасыра алмай:

– Көке, маған бас киіміңізді сыйға беріңізші, – деп сұрақты төтесінен қояды. Ол болса:

– Мен бас киімімді берсем, ертеңгүні мені патруль көрсе, гаупвахтаға жауып тастайды, – дейді.

Бала көңілі оны қайдан түсінсін, артынан қалмай жүріп қайта-қайта қоймай сұрай беріпті. Ақыры бұл іске әкесі араласып, қонақтың тілін тапқан болу керек, «на, салага, носи на здоровье» деп, сол күні Сапар ағасы бас киімін Серікбайдың басына кигізіп кетеді. Міне, сол бас киімді 4 сыныптан 10 сыныпқа дейін киіп жүрген. Кішкентай Серікбайдың курсант болуды, офицер болуды армандауы осы күннен басталғанға ұқсайды.

Екінші шегініс. Әскери өмірдің алғашқы қадамы.

Қазіргі Түркістан облысына қарасты Созақ ауданының орталығы Шолаққорған елді мекені. Орталықта Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп бар. Серікбай орта білім алған қасиетті білім ордасы осы. Мектептен кейін үшінші үйде капитан Платонов деген орыс жігіті тұратын. Серікбай басына Сапар ағасы сыйлаған фуражканы киіп алады да күніге таңертең ерте келіп, сол кісінің үйінен шыққанын күтіп тұрады. Ол кісі үйінен шығып, қасынан өте берген кезде салтанатты саптық шерумен қарсы алып, қасынан әскери адамша фуражкасына қолын қойып, сәлем беріп өтеді. Сонда орта жасқа келген капитан ағасы риза болып: «Ой, айналайын, молодец! Будеш офицером, будеш офицером» деп сәлемін алады. Міне, сол кісінің сөзі жақты ма, әлде басқа себеп болды ма, Серікбай аяғында офицер болды. Нақтырақ айтсақ, ауыл баласының офицерлік өмірге деген алғашқы қадамы осылай басталған.

Үшінші шегініс. Әке мінген «Иж планета».

Мейірбай аға шаруашылықта инженер-гидротехник болып істейтін. Жаздыгүні 85 сом, қыстыгүні одан аз айлық алады. Қызметтік аты бар. Анда-мұнда сол атпен жүреді. Ұлдары 5-6 сыныптан бастап қара жұмыста әкелеріне көмектеседі. Серікбай 9 сыныптан кейін каникулға шығып, әкесінің қасына шлюздар құюға көмекке келген. Сөйтіп екі ай бойы шлюз құйып, 160 сом айлық алады. Еңбекпен тапқан табысына қуанып, анасына алып келеді. Анасы ұлын мейірлене сүйіп, құшағына қысып шүкірлік етеді. Сосын қолма-қол 90 сомды ұлының қолына ұстатады да:

– Балапаным-ау, сен де ер жетіпсің. Бар дүкеннен өзің ұнатып, костюм-шалбар алып ки. Келесі жылы 10 сыныпты бітіресің, ал сенің үстіңде әлі костюм-шалбарың жоқ, – дейді. Анасының мейірлі сөздерінен кейін бала көңіл өзін ересек сезініп:

–Мақұл, – деп, қасына Нұртаза, Кеңес деген екі досын ертіп алып, дүкенге жүгіреді. Сатушы өзімен бірге оқитын және еріп келген Нұртазаның анасы. Ол кісі көрсетіп жатыр. Қырсық қылғанда, сөреде тұрған костюм-шалбардың бірде-біреуі тура келмейді. Біреуі үлкен, біреуінің белі үлкен, біреуінің жеңі қысқа болып қалады. Сөйтіп болмағасын 67 сомға бір куртка алады. Ал анасы 90 сом берген.

Сатушы апайы қайтарымға берген артық ақшасына қосып, 30 тиындық екі лотерея береді.

–Апай, мүмкін болса, маған 60 тиын бере салыңызшы, – деп сұраған баланың өтінішіне:

–Бұны бізге де осылай береді. Түсінсең бізге жоспарды орындау керек, – дейді сатушы апайы. – Қажет болмаса, ан-а-ау тұрған қоқыстың жәшігіне тастай сал.

Сөйтіп, амал жоқ, екі билетті алуға тура келген. Үйде үш литрлік шыны банкі тұратын. Үйдегілер қалған тиын-тебен, квитанция сияқты ұсақ-түйектерді соның ішіне тастай беретін. Серікбай да жаңағы екі билетті әкеп соның ішіне тастай салған.

Арада 4-5 ай өткен кезде бір күні үйге ақшалай-заттай ұтыс лотореясының нәтижесі жарияланған газет келіпті. Билет есіне түсіп кетіп, алып қараса, бір билеті 5 сом ұтқан, ал екінші билеті 676 сомның «Иж-планета- 3» деген мотоциклін ұтыпты. Ұмытпаса, Серікбай 4 сыныпта оқып жүргенде әкесі «Восход» деген мотоциклді кредитке алған. Сол кредитін төлейтін кезде ылғи бұзауын сатады, қойын сатады, ешкісін сатады. Әйтеуір қиындық көреді. Бірақ, дәл сол кездері Мейірбай аға Шымкентке бірнеше күнге іссапарға кеткен еді. Оқушы бала жаңағыны көреді де, өзіне-өзі сенбейді. «Қателік кеткен шығар» деген оймен, көршілердің үйінен барып, басқа газетті алып келіп тексерсе, бәрі тура: 60 тиынға алған екі билеттің біреуі мотоцикл, екіншісі 5 сом ұтып тұр.

Содан әкесі келгенше жаңағы билетті біреулер ұрлап алмасын деп ойлай ма, әлде жоғалтып алам деп ойлай ма екен, киімінің іш жағынан матамен қалта тігеді. Оны сын ешкімге айтпайды. Сөйтіп бала әкесінің келуін тағатсыздана күткен.

Бір күні әкесі келеді ғой. Амансаулықтан кейін:

– Тәте, қызық айтайын ба?– дейді. (Ол әкесін «тәте» деп атайтын.)

–Иә, айт, – дейді әкесі. Сосын газетті қолына береді. Ол көріп:

– Өлә-ә, менің балам 5 сом ұтыпты ғой, – дейді.

Әрине, ар жағын көрген жоқ. Шыдамсызданған ұлы:

–Тәте, тағы ары қарай қарасаңызшы, – дейді. Ол түсінбейді, қарамайды. Серікбай оған жалына сөйлейді. Сол кезде барып газеттегі ірі ұтысты көрген әкесі отырған жерінде құлап қала жаздайды ғой. Өзі қанша жыл бойы «Восход» мотоциклінің кредитін төлеп шаршап жүрген, ал мына жерде 30 тиынға мотоцикл ұтып тұр. Құламағанда қайтсін?!

Ардақты әкесінің 70 жасына дейін мініп жүрген «Иж-планета» мотоциклі сол болатын.

Төртінші шегініс. Әулетте 5 майдангер немесе 39 әскери адам бар.

Серікбайдың әкесі Мейірбай Онбаев майдангер, Ұлы Отан соғысының ардагері. Минометшілерді даярлайтын жеделдетілген курсты бітіріп, майданға офицер болып аттанған. Бертін келе соғысқа екі ағасы – ең үлкен ағасы Қоңырбай, сосын Анарбай, әкесі Өмірбай да аттанған. Өкінішке орай, солардың ішінде елге тірі оралғаны жалғыз өзі ғана, үшеуі соғыста хабарсыз кеткен.

Алматыдағы Алма-Арасан шатқалында қазір үлкен санатория бар. Бұл жерде Ұлы Отан соғысы кезінде әскери госпиталь болған. 1944 жылдың соңында қатты жарақат алып, екі аяғының да сүйектері сынып, жүруге жарамсыз болған шақта елге оралған майдангер ағамыз сол жерде ұзақ емделіп шыққаннан кейін Шамалғандағы су мамандарын даярлайтын (гидромелеоративтік) техникумына түседі. Бітірген соң су маманы бойынша инженер-гидротехник мамандығын алып, Созақ ауданының су шаруашылығында істеген. Сосын ауылшаруашылығы институтында оқыған. Жоғары білімді маман болыпты.

Отбасының арқасүйері, шаруашылықтың белсендісі болса да, ол кісінің бір арманы толық орындалмай қалған екен. Жарықтық: «Бұл дүниеде әскери қызметтен артық қызмет жоқ. Әскерлер – Отанының нағыз қорғаны. Отан қорғаудан артық парыз әлемде жоқ. Мен капитан шенінің деңгейінде қалдым. Соғысты көрсем де, арнайы жоғары әскери білімім болмады, денсаулығым да жарамады. Сендердің әскери қызметке баруларыңды шын жүректен қалар едім» – деп отырады екен балаларына. Бұл сөз бала Серікбайдың жүрегіне ұялап қалған екен.

Мейірбай ағамыз қызмет бабымен тауда мотоциклмен келе жатып құздан ұшып кетеді де, жамбас сүйегі бес жерден сынып, бақандай бес жыл бойы төсек тартып жатады. Өмір бойы екі дөңгелекті “Восход”, сосын «Иж планета» мотоциклін айдаған. Тау жолына үш дөңгелекті “Урал” мотоциклі ыңғайсыздық туғызса керек, жазым солай болыпты. Ақсақал 1925 жылы дүниеге келген, 2000 жылы 23 қаңтарда 75 жасында қайтыс болған. Өмірлік жары Қалиева Перуза апамыз 1927 жылғы, қазір 96-да. Серікбай ұлының қолында тұрады.

Екеуі 8 қыз, 4 ұлды тәрбиелеп өсірген. Құдайға тәуба, бәрінің отбасы аман, ұрпақтары өсіп жатыр. Тек Жанат деген қыздары атың өшкір ковидтің кезінде қайтыс болды. Жаны жәннаттың төрінен орын алсын деп тілейік. Ол кісінің жанұясында да 4 әскери қызметкер бар. Сөз орайы келгенде, ауыз толтыра атап айта кетейік, Онбаевтар (кеңестік жүйе кезінде кейбірінің тегі Оңбаев, кейбірінің тегі Омбаев деп жазылып кеткен) отбасында әкелерін, ағаларын және бүгінгі ұл-қыздарын қосқанда барлығы 39 әскери қызметкер бар. Үлкендері өнеге-үлгі көрсетсе, жастары бабаларының, аталарының, әкелерінің жолдарын абыроймен жалғастырып, Қарулы күштеріміздің барлық түрлерінде қызмет етуде. Бейнелеп айтсақ, қазір Қазақстан әскерінде Онбаевтар әулетінің бесінші толқыны қызмет етеді.

Шұрайлы Шымкенттегі ұлы Абайдың атындағы саябақтың ішінде «Даңқ мемориалы» деп аталатын үлкен монумент бар. Үнсіз тұрған тас мүсін болғанымен, тарихтың тұңғиығынан сыр шертеді. Міне, сол жерде кезінде осы өңірден майданға аттанған адамдардың аты-жөндері алтын әріппен тасқа қашалып жазылған. Ұзын саны 140 мыңнан асады. Әрқайсы соғысқа аттанған елді мекендеріне қарай аудан-ауданға қатысты бөліп-бөліп жазылған. Қарап отырсақ, бір ғана Созақ ауданынан 7 Онбаевтар майданға аттаныпты. Соның бесеуі біз бүгін әңгіме арқауына айналдырған отбасына қатысты екен. Мұның өзі де жазылып бітпеген тарих, айтылып бітпеген әңгіме.

Бесінші шегініс. Алғашқы награда.

Бала Серікбайдың арманы алдаған жоқ. 1974 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Мәскеу Жоғары командалық жол және инженер әскерлерінің училищесіне оқуға түсті. 1977 жылы бітіріп, “лейтенант” атағын алды. Сол жылдың 7 қарашасы офицердің есінде ерекше сақталып қалыпты.

Мәскеуден әскери оқуды бітіріп, Қызыл Ту орденді Орал әскери округі құзырындағы Первоуральск қаласындағы инженерлер бөлімінде офицерлік қызмет етуге кіріскен кезі еді. Ол жер уақытында Георгий Константинович Жуков қолбасшы болған тарихи жер. Үлкен зауыт, фабрикалар, атоммаш, химмаш деген небір ірі кәсіпорындар жұмыс істейтін. 7 қараша күні мереке құрметіне қалада парад өткізілген. Бөлімге шұғыл ақпарат түсіп, жеке құрам дабылмен көтеріледі. Тура қасындағы Ригма деген жерде үлкен орман өртеніп, сондағы инженерлік оқ-дәрілердің орталықтандырылған қоймасына қауіп төніп жатыр екен. Жеке құрамның негізгі бөлігі Т-55 танктің базасында жасалған инженерлік бөгет жасау-бұзу техникасына отырғызылған. Айтылған жерге келсе, “тілсіз жаудың” алды қойманың қақпаларына түсіпті. Өрт сөндірушілер де келіп үлгеріпті. Әскерилер солармен бірге іске кірісіп кетеді. Орманды жер болғасын маңайдың бәрі шымтезек (торф). Өрт сол шымтезектен басталған. Сырт қараған адамға жердің бетінде білінбейді. Ал жердің асты жарты, кейде бір метрге дейін тереңдікте кеулеп қуыстанып жанып кете береді. Шұғыл жеткен жеке құрамның ішінде лейтенант Онбаев та бар. Жедел топтың басшысының шешімімен ол да танктің бірінің штурвалына отырғызылған. Жас лейтенант үстіндегі парадтық формасына қарамастан танкті шыр айналдырып, гусеницасымен таптау арқылы өртті өшіріп жүр. Ең аяғында жаңағы жерден екі тісі ғана жалтырап, қап-қара күйе болып шығады ғой.

Кейін бөлім командирінің, округ қолбасшысының бұйрығымен алапат өртті сөндіру кезіндегі айрықша қызметтері үшін көптеген әскери қызметкерлер марапатталады. Ал бүкіл бригададан екі офицер, соның бірі лейтенант Серікбай Онбаев КСРО Жоғары Кеңесінің Жарғысымен жоғары награда алыпты. Гарнизондық Офицерлер үйінде өткен шараға арнайы қатысып, жас офицердің кеудесіне «За отвагу на пожаре» деген күміс медалін таққан сол кездегі Свердловск облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, қазіргі тілмен айтқанда, губернаторы Б.Н. Ельцин екен. Кейінгі жылдарда күллі Ресей елін басқарған Борис Николаевич Ельциннің есімі жаһанға таныс.

Офицердің айрықша еңбегі үшін берілген алғашқы жауынгерлік наградасының тарихы осындай.

Алтыншы шегініс. 70-тегі ардагер әлі сапта

Құдайға шүкір, Қарулы күштер қатарында 38 жыл әскери қызмет атқарып, 2008 жылы зейнетке шыққан еді. Бірақ, ҚР Қорғаныс министрлігі тарапынан ұсыныс түсіп, запастағы полковник С.Онбаев Шымкент қаласында орналасқан ҚР ҚМ Әскери-техникалық мектебіне мұғалім болып қабылданды. Ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, мектеп директорының орынбасары, кейінірек бірінші орынбасары, одан кейін үш жылдан кейін мектеп директоры етіп тағайындады.

Ол басқарған тұста Әскери-техникалық мектеп Қарулы күштер қатарына бірнеше жыл «В», «С», қазіргі таңда онымен бірге «В1», «С1» деген төрт категориямен жүргізуші мамандарды дайындап жіберді. Одан басқа әр жыл сайын 750-800 радиобайланысшылар, радиотелефонистер, радистер дайындалды. Бұл болашақ Отан қорғаушылар үшін ең басты қадам.

Секең 2010 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары болды. Түркістан облысы құрылғанда Шымкент қалалық ұйымы ашылды. Міне, сол күннен бастап Орталық Кеңестің ұйғарымымен Шымкент қаласы Ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып жұмыс істеп келеді.

Былтыр (2022 жылы) бір жылда әскери-патриоттық тақырыпта 411 іс-шара ұйымдастырып өткізіпті. Шымкент қаласында қазіргі таңда 250 мектеп, 39 колледж және 10-нан астам жоғары оқу орындары бар. Солардың студенттерімен, мектеп оқушыларымен тұрақты тығыз байланыста жұмыс жасауда.

Былтыр 1 қыркүйек Білім күнінде ол басқарып отырған 10 каолицияның ардагерлері бір мезгілде 29 мектепте «Ерлік сабақтарын» өткізген болса, биылғы Білім күнінде 40 мектепте «Ерлік сабақтарын» ұйымдастырып өткізді. Қазірдің өзінде күніне 4-5 мектептерде осындай игі іс-шаралар атқарылып жатыр.

Таяуда ардагер ағамыз Республика Президентінің Жарлығымен «Шапағат» медалімен марапатталды.

Келесі жылы №1 Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл толады. Қазіргі таңда Шымкент қаласында № 72 жалпы білім беретін мектеп сол құрметті ағамыздың атында. Аталған мектепте полковник С.М.Онбаев атындағы «Алғашқы әскери дайындық және технология» пәнінен дайындайтын арнайы сынып бар. Қазір мұнда мерейтойға қатысты бірқатар дайындық шаралары жүргізіліп жатыр.

Мұның барлығы жастардың ойы мен бойын түзеп, өмірде қалыптасуы мақсатында атқарылып жатқан игі жұмыстар. Шымкентке жолы түсіп барып жатқандар болса, ең алдымен осыған куә болары анық.

Таяуда ҚР “Қарулы Күштер ардагерлері” РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Халық Қаһарманы, армия генералы Алтынбаев Мұхтар Қапарұлының шешімімен отставкадағы полковник Онбаев Серікбай Мейірбайұлы “Төрағаның оңтүстік бағыттағы өңірлер бойынша орынбасары” болып тағайындады. Баршаға аян, бұл өңірге Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы кіреді. Демек, ендігі жерде ардагер көшбасшыға жүктелер жауапкершілік жүгі бұрынғыдан да ауырлай түсті. Ал біз өз тарапымыздан інілік құрметпен: “Алар асуыңыз аласармасын!” – деген тілек айтамыз.

Марат ЖҮНІС-БЕК.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланған соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 3-маусымнан 24-маусымға дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді. Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 24-маусым айының 18 сағат 30 минутқа дейін.Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 25-маусым айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

